



Республика күнімен!

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№80 (3611) 24 қазан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ЛЕБІЗ

ҰЛТТЫ БІРІКТІРГЕН ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Құрметті әріптестер!
Сіздерді Судьялар одағы атынан Республика күнімен құттықтаймын!

Еліміздің әрбір азаматы үшін Республика күні – айрықша мәнге ие Ұлттық мереке, ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіз елдің символы. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.

Ел егемендігіне қол жеткізу оңайға соқпады. Осы тарихи жолда біздің ата-бабаларымыз Отанға деген сүйіспеншілік пен ерліктің жарқын үлгісін көрсетіп, бостандық пен әділеттілікке қол жеткізу үшін жанқиярлық күрес жүргізді. Бұл отансүйгіштік қозғалыстың негізінде өз Туы мен Әнұраны бар тәуелсіз мемлекетті құруға деген асыл ұмтылыс болды. Олар өздерінің сенімі, рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің арқасында сан ғасырлық арманын жүзеге асырды. Мемлекеттің егемендігі туралы Декларация олардың күш-жігері мен қаһарман ерлігінің ең айшықты жәдігеріне айналды.

Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бері ауқымды жұмыстар атқарылды. Бүгінгі таңда Қазақстан әлемде өзінің лайықты орнын тауып, мемлекет өмірінің көптеген салаларында қарқынды дамып келеді. Объективті, оның ішінде бізді қоршаған алмағайып әлемдегі қиындықтарға қарамастан, Қазақстан өз мақсатына – әрбір азаматтың құқықтары мен міндеттері қорғалған, әлеуметтік тұрғыдан өркендеген әрі экономикалық дамыған мемлекетке айналу жолында сенімді қадамдар жасауда.

Қазіргі таңда дүние түрленіп, жаңа трендтер мен сын-қатерлер, оның ішінде цифрлық дамуға қатысты түрлі өзгерістер пайда болып жатыр. Бірақ адам құқықтарын қорғау біздің мемлекетіміздің ең басты, іргелі құндылығы, мемлекет тұрақтылығының өлшемі болған, әрі қарай да солай болмақ. Сот төрелігін жүзеге асыру, заңның үстемдігін, адам құқықтарының мызғымас-тығын ең биік межеге бекіту секілді жауапты әрі мәртебелі міндет судьялар корпусына жүктелген. Біз – әрбір судья бұл міндетті жүрегімізбен сезінуге міндеттіміз.

Құрметті әріптестер, Сіздерді Республика күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға бақ-береке, жарқын болашақ тілеймін! Мереке құтты болсын!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕКЛАРАЦИЯ - ТӘУЕЛСІЗДІК БОЙТҰМАРЫ



Тәуелсіздікті жақындатқан, азаттықты сезіндірген декларацияның ел тарихындағы алар орны бөлек. Себебі 1990 жылы 25 қазанда қазақ елі үшін тағдыршешті құжат дайындалып, көпшілікке таныстырылған еді.

«Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация – сын сағатта ел басында тұрған азаматтардың жанкешті еңбегінің жемісі. Өйткені жетпіс жылдық бодандықтың боз қамытынан бас тартып, жаңа қадам жасау, тәуелсіздікке ұмтылу тәуекелі көп, жауаптылығы зор іс болатын.

(Соңы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мадияр БАСШЫБАЕВ,
Жетісу облысының прокуроры:

«ПРОКУРАТУРА - ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛАДА ЗОР ӨКІЛЕТТІККЕ ИЕ»



(Сұхбатты 5-беттен оқи аласыздар)

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Халықтың 84 пайызы несие қамытын киіпті. Бұл дегеніміз – 8,4 миллионнан астам адамның қарызы бар деген сөз. Соңғы бір жарым жыл ішінде бұл көрсеткіш 27 пайызға өскен. 90 күннен кешіктірілген қарыз көлемі шамамен 1,4 трлн. теңге. Яғни, 1,7 миллион адам қарызын уақытылы төлей алмай отыр. Осының бәрі несие проблемасының қаншалықты асқынып кеткенін көрсетеді. Мемлекет бұл ретте қиын жағдайға тап болған азаматтарға барынша көмек қолын созуда. Президент 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз кредитін кешіру туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң да өз тиімділігін көрсетті. Бірақ жағдайды түбегейлі шешу үшін әлі де кешенді шаралар қажет.

Жақында Парламент Мәжілісінің депутаттары тиісті құзырлы орын өкілдерін шақырып, арнайы тыңдау өткізіп, мәселені жан-жақты талқылады. Жиында сөз алғандар қалыптасқан жағдайға байланысты өз түсінігі, пайымы деңгейінде баға беріп, ұсыныс қосты. Олар-

НЕСИЕ КҮЛІП КІРІП, КҮҢІРЕНТІП ШЫҒАДЫ

дың қай-қайсысы да шындықтан алыс емес. Мәселен, алдымен сөз алған Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов халықтың несие құрығына түсуіне белгілі деңгейде қаржы ұйымдары ықпал етіп жатқанына назар аударды. Олар жарнамаларымен қызықтырып, несие алу жолдарын жеңіл әрі қолжетімді етіп қойған. Бүгінде онлайн несие тіпті 14-16 жастағы балалар рәсімдей алады. Тек смартфон мен интернеттің болса жеткілікті. Бұл жаста адамның қаржылық жауапкершілікті арқалуы мүмкін еместігі қаржы ұйымдарын ойландырмайды да. Оларға несие берсе болғаны. Өйткені, қарызды төлейтін – әлгі балалардың ата-анасы.

Еш ойланбастан тіпті бірнеше несие қатар алатындар көбейіп барады. Жиырма несие барлар да табылыпты. Олардың көбі мұндай қадамға алдыңғы несие алу үшін барады. Осыны көріп тұрып, банктер қалай несие береді? Мұның сыртында тәжірибе адамдардың банк шарттарын түсінбейтінін көрсетіп отыр. Алған ақшасын бірнеше еселеп төлейтінін түсінбей, несие рәсімдей береді. Осы ойланбай жасалған қадамның соңы маскүнемдікке салыну, шаңырақтың шайқалуы, өзіне қол салу секілді келеңсіз жағдайларға

әкеліп жатыр. Адамдар қаржы алаяқтығынан шығу үшін қаржы пирамидасының да құрбандарына айналып жатыр. Осыны айтқан Қошанов мырза халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру қажеттігін атап көрсетті. «AMANAT» партиясы бастаған, бүгінде өз тиімділігін көрсетіп отырған «Қарызсыз қоғам» жобасын жалыпхалықтық бағдарламаға айналдыру керектігін мәлімдеді. Мәселенің салдарымен емес, себебімен күресу үшін заң арқылы несие беру талаптарын күшейту, оның ішінде, әсіресе, төлем қабілеті төмен жандарға несие берілмеу тетігін жасау қажеттігіне назар аударды. Сыйақыны төмендету, өтелген несие коллекторлық ұйымдарға сатуға тыйым салуды да заңнамалық тұрғыда негіздеу керектігін атап көрсетті.

Жиында сөз алған Ішкі істер вице-министрі Игорь Лепеха халықтың несиеге батуына қатысты екі факторға назар аударды. Біріншісі – киберқылмыстың, әсіресе, интернет-алаяқтықтың артуы, екіншісі – өз-өзіне қол жұмсау, сондай-ақ азаматтардың кредиттер мен қарыздар бойынша төлем жасай алмауынан жасалған қылмыстары.

(Соңы 3-бетте)

ДЕКЛАРАЦИЯ - ТӘУЕЛСІЗДІК БОЙТҰМАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы тұста ертеңіне алаңдаған елді алға ұмтылдыңар, келешекке сендірген негізгі құжат – осы декларация болғаны күмәнсіз. Халықтың қиындықтан қорықпауына, тәуелден тайсалмауына негіз болған да – осы декларация! Себебі декларацияда ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің іргетасы қаланып, егемендік деген аңсар сөз тұңғыш рет құжат жүзінде таспаланған болатын.

Декларацияға сәйкес, ҚазКСР егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері бекітілді. Онда алғаш рет ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата заңымызды құруға қадам бастық. Өйткені республика – егемен ел, ерікті адамдардың мемлекеті деген сөз.

Тарих беттерін парақтағанда, декларацияның ел үшін қаншалықты құнды, маңызды болғанын бағамдай түсесіз. Әсіресе, бұл құжатты таныстырудың өзі тартысты болғаны белгілі. Бұған сол кездегі естеліктерімен бөліскен бірінші Президент сөзі дәлел. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде декларация жобасын таныстырған Нұрсұлтан Назарбаев: «...біз декларациядан республикадағы ұлттық мемлекеттік мәселесін ғана емес, сонымен қатар қазақ халқы туралы сөздерді де алып тастағысы келетіндермен келісе алмаймыз. Бізді бұл жағдай КСРО-ның басқа ұлттарымен тең емес жағдайға түсіреді әрі бұны қазақ халқы дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. Одақтас республикалардың осыған ұқсас декларацияларының кез келгенін алыңыз – барлық жерде ұлттық мемлекеттік туралы ереже бар. Бұл тезисті біздің құжаттан тек республика аумағындағы қазақ халқының саны басым емес деген сылтаумен алып тастау саяси тұрғыдан дұрыс емес. Қазақ халқы өзінің бүкіл тарихында интернационализм идеяларын ұстанатынын дәлелдеп, өздеріне деген мұндай көзқарасқа лайық емес еді» деп өзінің биік ұстанымын білдірген болатын.

Дәл осы естелік декларацияны дайындаудағы ұлт қайраткерлерінің елге, жерге, отанымызға деген зор махаббатын, жауаптылығын, шексіз құрметі мен сүйіспеншілігін көрсетсе керек. Декларация жүрекке тоң боп қатқан бодандық қамалын бұзды, санадағы күмәнді сейілтті. Әрине, құжаттың қабылдануына дауыс



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ, Түркістан облысының прокуроры

берген депутаттар әрекетінің өзі сол тұста ертеңі күнге деген күдіктің қою болғанын айғақтайды. Өйткені осы кездегі тарихи хаттамаға көз жүгіртсек, Тәуелсіздік декларациясына сырттай дауыс берген депутаттардың 261-і құжатты қолдағанымен, 18-і қарсы шығып, 2 адам қалыс қалған, бір депутат дауыс бермеген. Декларацияның қабылдануы халықтың рухын көтерді, ертеңгі күнге деген сенімін нығайтты.

Тәуелсіздіктің темірқазығы болған Республика күні кейіннен мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды. Бірақ, одан бұл күннің маңызы әлсіреп, мәні төмендеді деп айта алмаймыз. Бұл айшықты мерекенің қадірі, қуаты әр отандасымыздың жүрегінің түбіне берік орныққан еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күнін ұлттық мереке ретінде қайта түлету туралы ұсынысы сол көпшіліктің көкейінде талай уақыттан бері бұғып жатқан ізгі тілекті қозғағандай болды. Содан болар, Ұлттық құрылтайда айтылған оңтайлы ұсынысты Қазақстан халқы бірден қолдады.

Жалпы, ел өміріндегі айтулы оқиғаларды бірден тарих бетінен сызып тастауға болмайды. Азат ел атанғанына отыз жылдан енді асқан Қазақстан үшін тәуелсіздік жылдарындағы әрбір оқиға үлкен мәнге ие. Ал өткенге оралып, кейінге қайырылу – болашақ үшін қажет. Сондықтан Республика күнінің қайта ұлық мерекеге айналуы – ұлт үшін маңызды шара.

Ұлттық мерекенің мемлекеттік мерекеден бәсі жоғары. Себебі ұлттық мереке ерекше тарихи маңызы бар, мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғаларға орай белгіленеді. Ал мұндай күні мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар ұйымдастырылып, тәуелсіздікке тірек болған оқиғалар тарихи тұрғыдан талданады.

Тәуелсіздік декларациясынан бастау алған азаттық жолында Қа-

зақстан үлкен жетістіктерге жетті, биік белестерді бағындырды. Әлем таныған, дүние жүзінің халқы мойындаған өркениетті, қауіпсіз мемлекетке айналды. Ал оның қауіпсіздігінің сақталып, құқықтық тұрғыдан дамуында прокуратура органының көмегі өлшеусіз.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы – мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратураның негізгі мақсатының бірі – адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру. Бұл бағытта жеткен жетістігіміз аз емес.

Алысқа ұзамай-ақ, биылғы жылдың дерегіне тоқталар болсақ, ағымдағы жылдың 9 айында Түркістан облысының прокуратурасы 194 мыңнан аса тұлғаның, оның ішінде 10 мыңнан астам мүгедек адамның құқығын қорғады. Облыс аумағы бойынша жұмысшыларға 34 млн теңге жалақы қарызы қайтарылып, бюджетке 2,5 млрд теңге өндірілген, 1,7 млрд теңгені құрайтын мүлік мемлекет меншігіне қайтарылды. Мұндай іргелі істер алдағы уақытта да жалғасын таба береді. Ол үшін еліміздің сырты жаудан, іші даудан аман болсын!

Ендеше, Қазақстан халқының тәуелсіздігін тұғырлы етіп, бірлігін нығайтуға, ынтымағын арттыруға жол ашқан Республика күні баршамызға құтты болсын!

ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДАҒЫ МЕДИАЦИЯ

тәжірибеге енгізілмей тұрып, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын болса, оған медиация заңы қолданылмағанын білсе керек. Ал қазіргі кезде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120, 121-баптарында татуластыру рәсімдері, сотта медиация жүргізу тәртіптері қарастырылған. Осылайша жаңа кодекстің қабылдануы, соған сәйкес, жаңа әкімшілік соттардың құрылуы бұл мәселенің оңтайлы шешілуіне жол ашты.

ӘРПК баптарына сүйене отырып, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Мұндай келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар не олардың өкілдері қол қояды.

Татуласу келісіміне келген кезде тараптардың төлеген мемлекеттік баж салығы қайтарылады. Медиациялық келісім орындалмаған жағдайда, талап қоюшының өтініші негізінде мәжбүрлеп орындау туралы атқару парағы шығарылып, жолданады.

Жария-құқықтық дауларда медиацияны қолдану бойынша Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында да іргелі істер атқарылып отыр. Соның нәтижесінде осы жылдың тоғыз айында әкімшілік соттың өндірісіне түскен 802 талап арыздың 73-і медиациямен қаралып аяқталған. Бұл көрсеткішті жақсартып, медиацияның қолданысын кеңейту үшін түсіндіру, ақпараттандыру жұмысы алдағы уақытта да жалғаспақ.

М.ОНЛАСОВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Республика күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты дөңгелек үстел өтті.

ЕГЕМЕНДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Шараға декларацияның дайындалуы мен қабылдануына атсалысқан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымның депутаттары Оразалы Сабденов мен Зинаида Федотова, философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Серік Сейдуманов, Қазақстан журналистикасы Академиясының академигі Валерий Жандаулетов, «Туран» университетінің ректоры Рахман Алшанов қатысты.

Дөңгелек үстел басында Оразалы Сабденұлы өз естелігімен бөлісті. – Кеңес Одағы енді ыдырай бастаған уақыт. Сонда ең алғаш Балтық жағалауындағы мемлекеттер өз тәуелсіздігін ала бастады. Біздегі жұмыс тобына сол кезде Салық Зиманов басшылық етті. Сол кезде Президенттен бастап бәріміз қобалжыдық. Бұл дүние қалай болады, декларацияға депутаттар дауыс бермей қоя ма деген қорқыныш болды. Өйткені сондағы 360 депутаттың жартысынан көбі өзге ұлт өкілдері еді. Кеңес Одағы әлі толық тарай қоймаған, газет беттерінде «біз Кеңес Одағымен біргеміз» деген мақалалар өріп жүр. Оның үстіне, Мәскеуге толық тәуелділік бар, қаражат Ресейден келеді. Десе де, бұл дауыспен шешілетін дүние болған соң, депутаттардың бәрін жиып ақылдастық. Нәтижесінде басым дауыспен декларация қабылданды. Ол кез әлі есімде, жанымдағы жол-



дастарыма қарасам, көздері жасаурап тұр екен. Көздегі жас қайғы-мұңның емес, қуаныштың көз жасы еді, – дейді.

Сөз кезегін Зинаида Федотова жалғастырды. – Осы Егемендік декларациясын баспасөзде жарияламас бұрын, депутаттық корпусының өзі халықтың алдына шығып, алғаш рет хабарлауды ұйғарды. Себебі бұқара бұл құбылысты көп күткен болатын. Сондықтан олар ресми ақпаратқа дейін-ақ осының нәтижесін білгісі келіп, Жоғарғы Кеңес үйінің алдында топталып, тосып тұрды. Дауыс беріліп, нәтижесі мәлім болғаннан кейін бір топ депутат сол Парламент үйінің іргесіне жиылған халықтың алдына келіп, Жоғарғы Кеңес шешімін жария етті. Сөйтіп, Қазақстан егемендігінің алғашқы қадамы жасалды, – деді ол.

Шара барысында тарихи-құжаттық көрменің ашылуы болды. Көрмеде Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде сақталған еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін айғақтаған декларацияның тарихына қатысты құжаттар қойылды.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

ТҰТЫНУШЫЛАР МҮДДЕСІ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Азаматтық істер бойынша бірыңғай сот практикасын қалыптастыру судьялар үшін де, азаматтар үшін де тиімді. Бұл сот жұмысын бір жүйеге түсіріп, сот қателігінің алдын алуға көмектеседі.

Ал бірыңғай практика азаматтардың құқықтық сауатын көтеріп, сот төрелігіне қатысты түсінігінің орнығуына ықпал етеді. Соған орай Жоғарғы Сот тарапынан азаматтық істерді сапалы қарауға бағдар берер нормативтік-құқықтық актілер дайындалып, қабылданып келеді. Осы ретте интернеттегі онлайн сауданың кеңеюі, электрондық коммерцияның дамуы көптеген азаматтық даулардың пайда болуына әсер еткенін айта кеткен жөн.

Соның ішінде бүгінде танымал болып отырған онлайн саудадағы тұтынушылар құқығын қорғауға қатысты қиындық аз емес. Көбінесе азаматтар өздері таңдаған тауардың сапасы электрондық сауда компаниясының веб-сайтында берілген сипаттамаға сәйкес келмейтінін алға тартып жатады. Сонымен қатар, тұтынушылар өзі ұсынған ақпараттың сақталуына қатысты даулардың пайда болуына әсер еткенін айта кеткен жөн.

көңіл бөлетін кез жетті. Қазіргі кезде өз құқығын қорғау мақсатында сотқа жүгінетін тұтынушылар аз емес. Өткен жылмен салыстырғанда биыл Шымкент қаласының соттарына тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша талап арыздар екі есе көп түскен.

Мәселен, дүкендерде, интернет ресурстардағы жарнамаларда «тауар айырбастауға, қайтаруға жатпайды» деп тұрады. Мұндай талап заңға қайшы. Себебі «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 7-бабына сай, азаматтар «тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауға; тиісті емес сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге; тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өз өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды толық көлемде өндіріп алуға толық құқылы. Тек осының тұтынушылар білмейді немесе білсе де сотқа барып өз құқығын талап етуге көпшілігі құлықсыз. Бұл интернет саудадағы заңсыздықтың белең алып, тұтынушылар құқығының тұрақты бұзылуына алып келеді. Сондықтан кез келген құқық бұзушылыққа салғырт қарамай, интернет алаңдағы қызмет сапасын көтеруге атсалысқан абзал.

Гүлмира РАХИМБАЕВА,
Шымкент қаласы азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

БИТІМ

Халыққа медиация институтының тиімді тұстарын айтып, артықшылықтарын көрсету аса маңызды. Сот табалдырығын аттаған азаматтарға мұндай ақпараттың көмегі өте көп. Өйткені даулар мен келіспеушіліктің бәріне сот арқылы нүкте қоюдың уақыт жағынан да, қаржылық тұрғыдан да қолайсыз екенін түсінетін кез келді.

Медиацияның тиімділігі неде? Біріншіден, медиацияда тараптар дауларды шешу процесінде белсенді қатысады. Өздері атсалысқан соң тараптардың келісім қорытындысына да көңілі толады. Екіншіден, медиацияда тараптар арасындағы жылы қарым-қатынас сақталады. Үшіншіден, дауды өзара келісім арқылы шешімін тапқан соң, тараптар уақыт жағынан да, қаржылық тұрғыдан да ұтады. Ал іс сот арқылы қаралғанда ұзағырақ уақыт алады және көбірек ресурстарды қажет етеді.

Сот жұмысынан хабары бар азаматтар әкімшілік әділет институты

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

НЕСИЕ КҮЛІП КІРІП, КҮҢІРЕНТІП ШЫҒАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Вице-министрдің айтуынша, бүгінде әлемде кең таралған банктік саласындағы интернет-алаяқтықтың Қазақстанда тіркелуі соңғы 5 жылда айтарлықтай өсіпті. Тек биылдың өзінде 13 700-ден астам интернет-алаяқтық тіркеліп, соның салдарынан 13,5 мыңнан астам азамат зардап шекті. Олар бюджеттік сала қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, зейнеткерлер, жеке кәсіпкерлер және басқалар. Азаматтарға келтірілген жалпы шығын – 11 млрд 355 млн.

Онлайн-кредиттер мен қарыздарды ресімдеу, азаматтардың банктік жинақтарын ұрлау секілді барлық интернет-алаяқтықтарды шетелден келген қылмыскерлер жасайды. Әлеуметтік портрет бойынша, бұл санатқа психологиялық тұрғыдан арнайы дайындалған, 20-дан 45 жасқа дейінгі, орыс тілін еркін меңгерген, шетелдік ұйымдасқан қылмыстық топтар құрамына кіретін, «Call-орталықтар» қағидаты бойынша жұмыс істейтін, жақын және алыс шетелдерде тұрақты орналасқан ерлер мен әйелдер кіреді. Қылмыскерлер алдаудың ең көп таралған төрт әдісін қолданады. Олар тауарлар мен қызметтерді сату туралы онлайн жарнамалар беру, азаматтарға телефон соғып, өздерін банк пен құқық қорғау органдарының қызметкерімен

деп таныстырып, әртүрлі жағдайларға қызықтыру, әртүрлі инвестициялық жобаларға ақшаны тиімді салдыру және әртүрлі компаниялар мен ұйымдардың фишингтік сайттарын жасау арқылы пайдаланушылардың құпия ақпаратын алады.

ІІМ бірнеше жылдан бері интернеттегі алаяқтыққа байланысты проблемалық мәселелерге баршаның назарын аударып келеді. Ұзақ уақыт бойы полиция бұл мәселемен жалғыз күресіп келеді деп айтуға болады. Мәселенің географиялық және техникалық күрделілігі, сондай-ақ азаматтардың саналы жауапкершілігінің төмен деңгейі туралы көбі ойланбады. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауында интернет пен телефон алаяқтықтарына қарсы күресті күшейтуді тапсырғаннан кейін құзыретті мемлекеттік органдардың жауапкершілік шеңбері кеңейтіліп, алдын алу мәселелері басымдыққа ие болды. Осының арқасында 2022 жылғы қараша айында Цифрлық даму министрлігімен және ұялы байланыс операторларымен өзара іс-қимыл жасаса отырып, алаяқтар пайдаланатын жалған нөмірлерден келетін «шетелдік» қоңырауларды бұғаттау тетігі әзірленіп, іске қосылды. Киберқылмыстың заманауи сын-қатерлеріне қарсы тұру үшін ағымдағы жылдың шілде айынан бастап барлық өңірлерде «CyberPol»

мамандандырылған жедел тергеу топтары құрылды. Алайда кейіннен ұрланған ақшаны алу үшін пайдаланатын төлем карточкаларын немесе оларды ресімдеу үшін сәйкестендіру деректерін үшінші тұлғаларға қасақана бергені үшін қылмыстық жауапкершіліктің болмауына байланысты көптеген «дропперлер» заң саласында жазасыз қалып отыр. Бұл жағдайды түзету үшін бүгінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасына қажетті түзетулердің жобасы қаралып жатыр екен. Яғни, Қылмыстық кодекстің 205-бабына банктік және өзге де қаржы жүйелеріне қолжетімділік бере отырып, жеке деректерді қасақана бергені үшін жауапкершілікті көздейтін толықтырулар енгізіледі.

Несиеге батудың бірқатар себептері мен салдарларын депутаттар да ашып көрсетіп, нақты ұсыныстарын айтты. Осы орайда Мәжілістегі Республика партиясының фракция мүшесі халықтың несие алу шарттарының тек банк, қаржы ұйымдарына тиімді болып отырғанын орындай атап өтті. Өйткені екінші деңгейдегі банктер несие мөлшерлемесі 20-58 пайызға дейін, микроқаржы ұйымдары 1000 пайызға дейін беріп бір пайда тапса, 2023 жылы 12,7 трлн. теңгеге транзакция жасап, әр аударымға 1-3 пайызға дейін комиссия алған.

Тұтынушы несие нарығының

кері көрсеткішінің басым бөлігін лудомандар құрайды екен. Олар бәсі тігу үшін бәріне дайын. Несие алу, құқықбұзушылық, алаяқтық, тіпті ауыр қылмыс жасап жатыр. Еліміздегі 157 мың құқық бұзушылықтың 20 пайызы немесе 31 мың құмар ойындары кесірінен жасалған, ал ажырасудың 38 пайызының себебі құмар ойындары. Сонымен қатар 676 суицидтің әрбір 5-ші жағдайы құмар ойынына байланысты. Мектеп жасындағы 3,5 млн баланың 700 мыңнан астамы бір рет бәсіткен. Бұл Қазақстандағы 1 млн-нан астам құмар ойыншы санының одан да ары өсетінін көрсетеді. Аландататыны 2017 жылдан бастап букмекерлік бизнес айналымы 15,5 млрд теңгеден 2022 жылы 553,6 млрд теңгеге дейін 35 есе өскен. Бірақ салық төлемінің мөлшері өзгермей, сол 2017 жылғы деңгейде тұрып қалған. Жауапты министрлік құмар ойындарының онлайн жүйесін жапсақ, бюджетке түсетін салық азайып қалады деген негіздеме айтады екен. Ал негізгі мақсат салық болса, неге 2017 жылдан бері салық мөлшерін көтеру мәселесі айтылмаған? Осыған назар аудартқан «республикалықтар» онлайн құмар ойындарына, букмекерлік бизнес жарнамасына толығымен тыйым салу, ойын бизнесі қызметтеріне салық мөлшерлемелерін көтеру, букмекерлердің аппараттық-бағдарламалық жүйелерін мемлекеттік табыс департаментіне қосу, казинолар мен букмекерлер орналасқан жер телімдерінің салығын көтеру секілді ұсыныстарын ортаға салды.

Депутат Ермұрат Бапи «халық қарызға белшесінен емес, кеңірдегінен батты» дей келіп, «бұған кінәлі оның өзі емес, мемлекет, оның біліксіз Үкіметі» деп ашына айтты. Қазіргі қымбатшылық, адамдар-

дың рожкиді суға қайнатып жеуге мәжбүрлігі жағдайында халыққа қарыз алма деген ақылдан бұрын жанашырлық керек екенін орынды атап көрсетті. Осы орайда Үкімет мүшелеріне ескі Қазақстанның халық алдындағы қарызының неге ізделмей жатқандығы, «сауықтырмамыз» деп Ұлттық қордан банкілерге берілген триллиондаған теңге қарыздың қайтарылмау себебі, мемлекеттен бөлінген триллиондармен бірге «Казкоммерцбанк» қалайша «Халық банкіне» сіңіп кеткені тексерілмей қалуының сырын сұрады. «Сіздерге халықтың қарызын емес, бірнеше банкті біріктіріп, қыруар «сауықтыру» қаржысын бір банкіге жинастырып, оның барлығын сыпырып-сыпырып алып кеткен олигархтарға тиесілі банктердің халыққа берешек қарызын неге қайтармасқа?» деп те Үкіметтің екі аяғын бір етікке тықты. Осы ақшалар қайтарылса, халықтың банктер алдындағы қарызын он есе қайтара жауып тастауға жететінін мәлімдеді. Қарызды халыққа қайтару мақсатында қабылданған ұрланған активтерді қайтару туралы арнайы заңның орындалмай жатқанына алаңдаушылық білдірді. Бапи мырзаның айтуынша, әлі күнге дейін Біріккен Араб Әмірліктеріне ақша аударымдары жасалуда. Халықты қарыздан сақтандырғаннан бұрын, сол аударымдардың тарихын тексеру керек.

Тоқетерін айтқанда, бұл жиында тыңдар құлақ болса, халықты несие қамытынан құтқаруға қатысты айтылмай қалған сөз жоқ. Барлығы мәселенің себебі мен салдарын ашып жатты. Ендігі міндет – олардың назарға алынып, нақты шешім табуы.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

ӨТКЕННЕН ӨНЕГЕ

Халқымыз «Ғалымның хаты өлмейді, батырдың аты өлмейді» деп тәмсілдейді. Расында да, өмір жолында ізгілікті берік ұстанып, тірлік күресте адамдық қалпынан айнымаған жандарды жұрты дәуір көшсе де ұмыта қоймайды. Азаматын ардақтап, өткенін өнеге тұтатын қазақ халқы үшін ерлер есімі күн санап жаңғырып, тарих беттерінде алтын әріппен жазыла бермек. Мұндайда қазекен «Елім деген ер барда, ерім дейтін ел табылады» – дейді.



Жақында саналы ғұмырын елдік мұрат жолында жұмсаған қоғам қайраткері, Қармақшы ауданының құрметті азаматы Болатбек Сүлейменовті елі ұлықтап, еске алды. Сыр өңірінде Б.Сүлейменовті еске алуға арналған дзюдо күресінен 2004-2006 жылы туылған жастар арасында халықаралық турнир өтті. Бұл – аталмыш спорт додасының 22-ші мәрте өтуі. Сайысқа 20 облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан бозкілем шеберлері қатысты. Сонымен қатар, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінен де палуандар бақ сынасты. Барлығы 315 спортшы өзара мықтыларды анықтады. Жарыс барысында ер және қыз балалар 14 салмақ дәрежесі бойынша жүлделерді сараңқа салды. Жарыс жайлы турнирдің бас төрешісі, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қайрат Биназарұлы баяндады. Ол өз сөзінде: «Жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқан турниріміз шет елдік спортшылар мен жаттықтырушылардың да қызығушылығын тудырады. Бәсеке тартысты әрі әділ өтеді. Биыл халықаралық дәрежедегі 8 төреші етіп отыр. Сонымен қатар, турнирде I, II, III орын иегері атанған жеңімпаздарымыз «Дзюдо күресінен спорт шеберлігіне үміткер» спорттық дәрежесіне ие болады», – деді.

Ұйымдастырушы – Қызылорда облыстық дзюдо федерациясы. Сонымен қатар, сан жылдар бойы атаулы жарыстың тұрақты өткізіліп отыруына түрткі болған Б.Сүлейменовтің ұлы, спорт жанашыры Сағатбек Сүлейменовтің есімін ерекше айта кетуіміз керек.

Биылғы байрақты бәсекенің ашылу салтанатында алғы сөз Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Зейнабдинұлына берілді. Ол Болатбек Сүлейменовтің өнегелі өмір жолына тоқталып, турнир тарихы жайлы сөз етті. Қатысушы спортшыларға сәттілік тілеп, шын мықтылар топ жаратынына сенім білдірді. Сондай-ақ, ҚР Еңбек сіңірген жат-

тықтырушысы, Қызылорда облысының дзюдо федерациясының вице-президенті Ишанбек Жұмабаев өз кезегінде барша ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығының директоры, спорт жанашыры Қыдырбек Рысбек пен Болатбек Сүлейменовтің замандас інісі, құрметті теміржолшы Өмірбек Жүсіпов өз құттықтау сөздерінде кейіпкеріміз жайында жылы естеліктерімен бөлісті. Қадірлі қонақтардың қатарында Б.Сүлейменовтің үзеңгілес досы, қызметтес әріптесі Жұмағұлов Исағали бар. «Болатбек мінезі көркем, білімі терең, пайым-парасаты кемел адам еді. Қандай істі бастаса да, дөңгелетіп әкететін іскер жан еді. Қармақшы ауданын көркейту жолында қажырлы еңбек етті. Жаңажол ауылын басқарып, онда мектеп, спорт нысандарын, мәдениет клубтарын тұрғызды. Өз әріптестерінің арасында сыйлы еді. Бастамашыл, ұжымды ұйы-

стыра кететін көшбасшылық қасиетке ие еді», деді ол. Көзкерген інісі, Қызылорда облыстық мәслихат депутаты, Ішкі істер органдарының құрметті қызметкері Өмірбек Шаймағамбетов: «Болатбек ағаның табандылығына тәнті едік. Әр бастамасын аяғына жеткізбей тыңбайтын. Сонымен қатар, ол елдің қамын өз қамынан жоғары қоятын. Елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерімен көпке үлгі бола білді. Қазір ағайдың ұрпақтары еліміздің түкпір-түкпірінде елеулі еңбек етуде», – деді.

Бұл байрақты бәсекеден үлкен үміт күткендердің бірі – қырғызстандық жаттықтырушы Даулет Досалиев. Ол қырғыз командасының тыңғылықты дайындықпен келгенін айтты. «Қырғыз бен қазақ – бір туған бауырлас ел. Екі мемлекет арасындағы достық қатынас арқасында біздің спортшыларымыз Қазақстан Республикасының спорт сайыстарына кедергісіз қатысып келеді. Б.Сүлейменовті еске алу турнирі өте жоғары деңгейде өткізіледі. Биыл алты бірдей шәкіртімізді додаға қосып отырмыз. Дайындық жақсы, ендігі жағдайды татами көрсетеді. Қолдауларыңызға, қонақжайлықтарыңызға шоң рақмет!» – деді ол.

Жарыста әртүрлі салмақ дәрежелері бойынша астаналық Сұлтанхан Данил, өзбекстандық Тошпулатов Низомиддинхужадан, тәжік спортшысы Чабборов Илхомиддин, алматылық Балғабай Досбол, тараздық Тұрлыбек Диас, жетісулық Байтас Бағжан, алматылық Амирханов Нұрлан, Райс Бейбарыс жеңімпаздар көшін бастады.

Қыз балалар арасындағы күрес те тартысты өтті. Жұлденің дені жергілікті спортшылардың қанжығасына ілінді. Шымкенттік Даушова Маржан, абайлық Қаракенова Карина, атыраулық Бітімбай Шынар, түркістандық Қыдырғали Ақбота, атыраулық Жандырбай Аружан, Бақытбек Көркем қыздар арасында жарыс жеңімпазы атанды.

Ш.ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ



ЖАҚСЫЛАР ШАМШЫРАҒЫН ЖАҚСЫН ЕЛДІҢ...

(Б. Сүлейменовке арналады)

*Сабантой. Қызылорда. Бәйге алаңы...
Кірпіктер қою шаңға байланады.
Жұмыр жер жүрісінен жаңылып қап,
Астында тұяқтардың айналады.*

*Ежелден ерен жүйрік эпсанамыз,
Тұсауға тіл иіркінді жоқ шамамыз.
Партия этикетін жинап қойып,
Қиқуға басып отыр хатшы ағамыз.
Бокең зой...*

*Бокең зой ол қармақшылық,
Қайраан жұрт жігерін алмас қылып.
Кешегі бюрода хатшылығын
Алғандай «атишылыққа» алмастырып.*

*Көргем жоқ атсейісті ерен мұндай,
Талдайды тұлпар тегін өлең-жырдай.
Бәйгені бастық болу деп ұғатын,
Төрдегі төрелерді елең қылмай.*

*Бір өзі Ақан сері жұратындай,
Маңдайға Батырашты ұратындай.
Абыржып мен отырмын,
Ағам ертең
Обкомнан сөгіс алып шығатындай.*

*Өмірде талай-талай жақсыға ердім,
Жақсылар шамшырағын жақсын елдің.
Уставтан ат үстіне ыргып мінген,
Мен сондай Ақмешітте хатшы көрдім.*

*Азайып кетті зой деп налымалық,
Жүрсінші жүйріктердің бағы жанып.
Қиқуға басып жүрмін бүгін мен де,
Даусыңды, аға, сенің қағып алып.*

**Шәкизада
ӘБДІКӘРІМОВ**

КЕҢЕС

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ
ЖІТІ
ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Жыл басынан бері Түркістан облысында көмелетке толмағандар жасаған қылмыстар 8,2%-ға, оларға қарсы жасалған қылмыстар 9,4%-ға өскен.

Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиевтің төрағалығымен құқық қорғау және арнаулы органдардың басшылары және бала құқықтары жөніндегі уәкілдің қатысуымен өткен үйлестіру кеңесінде осындай мәліметтер айтылды. Жиында көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, оларға қарсы жасалған құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу, сонымен бірге алимент өндіру бағытында атқарылған жұмыстардың сапасы мен тиімділігі талқыланды.

Бала құқықтары облыс прокуратурасының ерекше назарында және басым бағыттарының бірі болуына байланысты көмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың орын алу се-

бептері, мүдделі органдардың профилактикалық шараларының тиімділігі де сөз болды.

Облыс прокуратурасы мүдделі органдарға құқық бұзушылық профилактикасы бағытында жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында бірлескен кешенді іс-шаралар жоспарын ұсынды.

Сонымен қатар көмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның профилактикалық және үйлестіру рөлін нығайту туралы ұсыныстар айтылды.

Қорытындылай келе, тиісті уәкілетті органдарға қабылданып жатқан шараларды одан әрі жетілдіру, көмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытындағы жұмысты жалғастыру туралы нұсқаулар берілді.

ЖЕДЕЛ ІС-ШАРА

КҮДІКТІ ҰСТАЛДЫ

Түркістан облысында полиция дәрігерге шабуыл жасаған азаматты ұстады. Бұл мәліметті Түркістан облысы полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Сайрам ауданының Ақсукеңтентіндегі жеке клиникада пациенттердің бірі ультратрадыстық кабинетте кезекте тұрғанда жанжал шығарып, рентгенолог-дәрігерге пышақ жарақатын салған. Жәбірленуші ауруханаға жатқызылды. Оқиға орнына жедел тергеу тобы шықты. Осы оқиғаға байланысты Қылмыстық кодекстің «Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Бұл жағдай ақ халатты абзал жандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша пәрменді шаралар керектігін дәлелдейді.

БАСТАМА

«АРАҚСЫЗ ҚАЛА,
ШАРАПСЫЗ ШАҺАР»

Түркістанды рухани, өркениетті дамыған шаһар ету бағытында көтеріліп жүрген игі бастаманы талқылауға арналған алқалы жиын өтті.

Кездесуге Түркістан қаласының прокуроры Кәукен Бахытбайұлы, Түркістан қалалық полиция басқармасының бастығы Бауыржан Жанаев, Түркістан облысының бас имамы Ержан Сметұлы, қаланың бас имамы Мұхаммеджан Ерғешбайұлы және ақсақалдар алқасының төрағасы мен мүшелері қатысты.

Жиын барысында түркі халықтарының рухани астанасына айналған киелі қаламызды көпшілікке үлгі ретінде ұсыну мақсатында өңірімізде құмар ойындары мен алкагольді ішімдіктерден, зиянды әрекеттерден бас тартатын ортаға айналдыру жайлы ұсыныстың көптен бері айтылып, бірақ жүзеге асырылуы баяу болып жатқандығы айтылды.

«Түркістан – арақсыз қала, шарапсыз шаһар, жезөкшелігі жоқ рухани орда» атты бастама бүгін көтерілген мәселе емес. Бұған дейін де бірнеше рет мінбелерде сөз болған еді. Бірақ оны ары қарай тұрақты түрде жалғастырып, насихаттау барысында сәл баяулық байқалуда. Осы мәселені мүмкіндігінше жеделдете түсейік», – деді Бауыржан Жанаев.

Жиынға қатысушылар жоғарыда аталған пікірлерді бірауыздан қолдап, насихат жұмыстарын белсенді азаматтардың көмегімен тұрақты түрде жүргізуді ұсынды.

Дайындаған
Бекбол ҚАЛДЫБЕК

БІТІМ

ТАТУЛЫҚ –
ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

Тіршілікте тер төгіп жүрген азаматтар сайтанның сапа-лағынан қашып, көршісінің шапалағынан таяқ жеп жатады. Кезінде біздің ата-бабаларымыз ауыл ақсақалдарынан алқа құрып, шешімі шиеленіскен дау-дамайларды сол кісілердің құзырына беріп, бір келісімге келудің жолдарын тауып отырған.

Бүгінде қариядан қадір қашып, жемқордың жемсауын толтыруға құмар бәтшағарлар көбейіп кетті. Екі жақ талас-тартысқа түссе сотқа жүгінеді. Судьяның міндеті – екі тараптың бір жағына бұру емес, даудың әділ шешілуі. Міне, осы орайда мемлекетіміз бұл мәселені де шешудің оңтайлы жолын тапқан.

ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде дауды шешудің бір түрі – партисипативтік рәсімдеу көрсетілген. Партисипативтік рәсім – «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңына сәйкес, тараптар арасындағы дауды екі тараптың адвокаттарының немесе заң кеңесшілері палатасына кіретін тұлғалардың көмегімен шешілетін (судьяның қатысуынсыз) келіссөздер процесі. Тараптар татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не АПК белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не

бір бөлігінде реттей алады. Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер АПК немесе заңда өзгеше көзделмесе, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша берілуі мүмкін. Тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда дауды медиацияны қолданумен немесе партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтінішхат беруге құқылы.

Енді қарапайым халықтың жағдайына бір тоқталып кетсек. Бүгінде әртүрлі салаларда терминдер көп. Сол секілді біз көбіне заңдық терминдерге көп мән бере бермейміз. Мысалы, «медиатор» терминін алайық. Медиатор – берілген жанжалға мүдделі емес, тәуелсіз, нейтралды үшінші жақтың тарапы бола отырып, жанжалдасушы жақтарға бар дауды шешуге көмектесетін адам немесе адамдар тобы.

Фасилитатор (ағылш. facilitator, латын тілінен facilis – жеңіл, ыңғай-



Сауран БАҚЫТБЕК,
Түркістан облысының
көмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы

лы) келіссөздерді ұйымдастыруға жауапты, процестің ережелері мен құрылымының сақталуын бақылайды, процедураны басқарады.

Бірінші сатыдағы сотта медиацияны өткізу үшін іс басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде іс жатқан судья өткізуге мүмкін. Іс жүргізуінде іс жатқан судья дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

«Су мен отта татулық жоқ» дейді дана халқымыз. «Келісімге келем десе, тіл кеспе» деген. Біздің міндетіміз – жауластыру емес, татуластыру.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТЫ ДА
ПАЙДАСЫНА АСЫРАТЫНДАР БАР

Әлемде ең тараған қылмыстың түрі – алаяқтық. Осыдан он шақты жыл бұрын елімізде тіркелген әрбір екінші құқықбұзушылық ұялы телефон ұрлығымен байланысты еді. Шағымданған адамның басым бөлігі ұялы телефонын және әмиянын ұрлатып алғанын айтып шағымданатын. Ал, бүгінде алаяқтық көбейген. Бұрын адам алаяқтың түрін көрсе, қазіргі таңда оның түрін де көрмейді.

Заңдық тұрғыдан алаяқтыққа «бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену» деген түсінік берілген. Ал, осы заңды қарапайым сөзбен айтар болсақ, алаяқтық – алдау және өзгенің сеніміне қиянат жасау арқылы бөтен мүлікті ұрлау немесе өзінің бас пайдасына асыруды білдіреді.

Түркістан облысы, Жетісай ауданының тұрғынын «мемлекеттен ақша алып беремін» деп алдап, 5 миллион теңгеден астам ақшасын қалтасына басқан әйел ұсталды.

Жетісай аудандық полиция бөліміне үш бірдей тұрғын арызданды. Олардың айтуларына, таныстары «кәсіпкерлікті қолдауға мемлекеттен берілетін қайтарымсыз ақша алып беремін» деп, уәде беріп, 5 миллион теңгеден астам ақшаларын алып кеткен. Аталған фактіні полиция қызметкерлері ҚР ҚК-нің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша тіркеуге алды.

Тәжірибелі полицейлерден құрылған жедел тергеу тобы жергілікті тұрғындарды ұсына түсірген алаяқты ұстауға қажетті шараларды жасады. Жедел іздестіру нәтижесінде күдіктінің жеке басы анықталып, ол полицияға жеткізілді.

Белгілі болғандай, күдікті әйел ірі көлемдегі ақшаны өзінің несиеін жабу үшін алғанын мойындады. Қазіргі таңда күдікті әйел қамғау алынып, аталған іс бойынша жинақталған құжаттар заңды шешім қабылдау үшін сотқа жолданды.

Сондай-ақ, Түркістан қаласының полиция басқармасына алаяқтық қылмысы туралы арызбен Сауран ауданының тұрғыны жүгінді. Жәбірленушінің хабарлауына, бейтаныс әйел оған 5 миллион теңге қайтарымсыз грант алуға көмектесуге уәде берген. Алаяққа сенген қала тұрғыны 200 мың теңгесінен айрылған. Бұл жайт ҚР ҚК-нің 190-бабы («Алаяқтық») бойынша



тіркелді. Жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесінде күдікті анықталды. Ол Кентау қаласының тұрғыны болып шықты.

Түркістан облысы, Түлкібас ауданында тұратын әйел де мемлекеттен қайтарымсыз грант аламын деп алаяқтың құрбаны болды. Жәбірленушінің айтуына, сырттай танысы мемлекет тарапынан 5 миллион теңге көлемінде қайтарымсыз несие алып беремін деп сеніміне кірген. Уәдені үйіп-төккен әйел жәбірленушіден 1 миллион 800 мың теңге алған. Аталған жайт Қылмыстық кодекстің 190-бабы бойынша тіркелді.

Бұл қылмысқа қатысы бар деген күдікпен жергілікті тұрғын тұрғылықты мекенжайынан ұсталды. Ол жұмыссыз әйел болып шықты. Қазіргі таңда тергеу амалдары жүргізілуде. Полицейлер күдікті келіншектің бұдан басқа да жайттарға қатысы бар-жоқтығын анықтауда.

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау аясындағы мемлекеттік бағдарламалар өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұртшылыққа дем беруде. Яғни, «жұмыс жоқ» деп қол қусырып отыруға болмайды. Қалайда әрекет ету керек. Бүгінгі күннің тұрмысы бос отыруға мүмкіндік те бермесі анық. Жеке кәсібін ашып, екі қолға бір күрек табылса деп мақсат етіп отырғандар да бар. Солардың сұранысына орай жылда берілетін қайтарымсыз қаржы көлемі өскен. 550 мыңнан басталған грант қаржысы қазіргі таңда 1 380 мыңға өсті. Әрине, бұл қаржы кәсібін бастағалы отырған адамға үлкен мүмкіндік. Мемлекет тарапынан берілген осы

мүмкіндікті алаяқтар да қалт жібермей келеді.

Мемлекет берген қаржыны мақсатсыз пайдаланатындар кездеседі. «Кәсіп ашамын» деп алған қаржыны өз пайдасына жұмсап қоятындар бар екені жасырын емес. Қайтарымсыз қаржыны басқа мақсатта жұмсай салатындар бар. Мұндай жағдайлар Түркістан облыстық «Мансап» орталығы мамандарының тексеруі кезінде анықталған. Өткен жылы мониторинг нәтижесінде сот органдарында мемлекеттік грантты мақсатты пайдаланбау деректері бойынша бірнеше азаматтық іс қаралған екен.

– Айта кетейік, біз оларға бағдарламаның нақты талабы мен жауапкершілігін түсіндіреміз. Осы орайда алған қаржыны қандай мақсатта жұмсауға болатыны жөнінде кеңінен тоқталып өткен жөн. Мемлекет грантты кәсіпке қажетті еңбек құралдары мен техника, мал, құс сатып алу үшін нысаналы мақсатта береді. Басқа тұтынушылық мақсаттарға, несие қарызын өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді. Шарт жасалған күннен бастап 12 ай ішінде қаражаттың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жасалады, – дейді Түркістан облысы Кентау қаласына қарасты Мансап орталығының грант бойынша маманы Фарид Жүзтаева.

Халық арасында түрлі жағдай болады. Мәселен, мемлекет беріп тұрған мүмкіндікті өз мақсаттарына пайдаланып кететін алаяқтар да кездеседі. Атап айтар болсақ, әлеуметтік желіде «қайтарымсыз грант алуға көмектесемін» деген хабарламалар көбейгені рас. Олардың алаяқ болып шықпанына кім кепіл? Қалалық «Мансап» орталығының маманы мұндай жайттар кездескенін жоққа шығармады.

Алаяқтар жылдам және дәл қазір шешім қабылдауды талап етеді, олар жәбірленушіге «ойлануға уақыт жоқ, әйтпесе, сіз мүмкіндігіңізді жіберіп аласыз» дейді. Содан кейін адамдар мүмкіндікті жіберіп алмас үшін қарыз немесе несие алып, алаяққа ақшаны өз қолымен береді. Өз қолымен берген ақшаны қайтара алмай, ақыр соңында табанынан тозады.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ОРТАҚ МҮДДЕ

ҚАЗАҚСТАН - БІРЛІК ПЕН ҮЙЛЕСІМ ЕЛІ

Қазақстан – көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет. Қазіргі шақта Жаңа, Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды қадамдары жасалуда. Еліміздің құрылымдық жүйесінде, саяси-экономикалық бағытында жаңғыртулар қолға алынды. Халық жаңа қоғам қалыптастыруға деген бастамаларға қолдау білдірді.

Он шақты жылдан кейін қайта оралып, ұлттық мереке мәртебесін алған Республика күнін атап өту Әділетті Қазақстанға қызмет ететін әрбір азамат үшін айрықша мәнге ие. Бұл мереке – біртұтас Қазақстанның берекесі мен бірлігінің, әрқайсымыздың туған өлкемізге деген шексіз сүйіспеншілігіміз бен адал еңбегіміздің нәтижелі нышаны. Бұл даңқтың татты ұлттық, мемлекеттік мереке дәрежесінде аталуының мәні өте зор, әрі адал және тарихи шешім болып табылады.

Елімізді мекендеген сан түрлі ұлт пен ұлыстардың өкілдері де Қазақстандағы тұрақтылық пен татулықтың тірегін нығайтуға барынша үлес қосып келеді.

Батыс Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы филиалының құрамындағы этномәдени бірлестік өкілдері ұлттық мерекеге орай жүрежарды тілек-лебіздерін жолдайды.



Зейнолла МУТИЕВ, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, БҚО ҚХА Ғылыми сараптамалық тобының мүшесі:

– Қадірлі дос-бауырлар! Баршаңызға белгілі, 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Декларация Қазақстанда тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достастығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп белгіледі. Бұл күн – ұлттық мереке, Республика күні. Бірлік, татулық, ынтымақ! Ха-

лық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы – жүздеген ұлт пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғастырып отырған мемлекет.

Республика күні – Қазақстан атты ұлы Отанымыздың бас мерекесі. Еліміздің игілігі мен өркендеуі үшін аянбай қызмет етіп, тәуелсіздігіміздің тұғырлы, егемендігіміздің еңселі һәм ғұмырлы болуы үшін күш-жігерлерін салып, әрқилы салада еңбек етіп жатқан барша қазақстандықтарды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, бақыт, қуаныш тілеймін! Тәуелсіз еліміздің ертеңі жарқын болсын!



Данилбек САРАТОВ, БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, «Вайнах» шешен-ингуш» этномәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

– Баршаңызды Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке біртұтас Қазақстанның берекесі мен бірлігінің, әрбіріміздің Қазақстанға деген шексіз сүйіспеншілігіміз бен адал еңбегіміздің белгісі деп білемін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлт ұясы – Ұлытау жерінде өткен құрылтайда: «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Қазанның 25 күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап

өтуіміз қажет» деп Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Президентіміздің бұл саяси шешімі егемендікке арқау болған декларацияны қабылдау туралы тарихи құжаттың салмағын еселеп, Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіте түсті. Еліміздің кемелдену жолында бірлікті ту етіп, адал еңбектің құндылығын биік қоятын Жайық жұртшылығы ұлық мерекенің ұлағатын кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттау тізгінін жалғастырады деп сенемін. Тағы да мерекеміз құтты болсын! Сіздерге тек мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, зор жетістіктер тілеймін!



Флюра МИЛИКЕЕВА, БҚО «Татар мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

– Қазақстан Республикасының айтулы күнінде мен Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілі ретінде сүйікті халқымызға ең жылы лебіздімді білдіремін. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан – бірлік пен үйлесімділік елі, шығу тегі мен мәдениеті әртүрлі адамдар үшін және біздің күшіміз, бірлігіміз және бір-бірімізге деген өзара құрметіміз», – деген болатын. Бұл сөздер әртүрлі қауымдастықтардың Қазақстанда үйлесімді де мәнді өмір сүретінін көрсетеді.

Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, халықтық мұрамызды сақтауға және өңірімізді дамытуға жәрдемдесуге міндеттіміз. Республиканың бұл күні бізді жарқын болашаққа жолымызды айқындайтын Қазақстанды құруды жалғастыруға шабыттандырсын. Баршаңызды Рес-

публика күнімен құттықтаймын!



Наджаф МАМЕДОВ, БҚО «Бирлик» әзірбайжан мәдени-ағарту қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

– Сіздерді еліміздің әр азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін айтты. «Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қастерлі тәуелсіздігімізге жол ашты. Сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын! Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай берсін деген ыстық ықыласымды жеткіземін.



Аветик АМИРХАНИЯН, БҚО «Масис» армян этномәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

– Қазақстан Республикасы күнінде барша қазақстандықтарға ең жылы лебіздімді жолдаймын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, «Біздің

еліміз – біртұтас отбасы. Біз барлық азаматтарымызды ұлтына қарамастан құрметтейміз, бағалаймыз және бірліктің маңыздылығын түсінеміз. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз және әрқайсымыз оның өркендеуіне жауаптымыз». Бұл сөздер бізге бірлікте тапқан күшімізді және ортақ үйіміз – Қазақстанның маңыздылығын еске салады. Көпұлтты елде орналасқан біздің аймақ осы құндылықтарды ілгерілетуде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері ретінде біз Президентіміз баяндаған пайымды – инклюзивті, заманауи және гүлденген Қазақстанның пайымын бөлісеміз. Өткенімізді саралап, бүгінгімізді бағалап, бейбітшілікке, өркендеуге және ортақ жетістіктерге толы болашаққа бірге қадам жасайық! Республика күні құтты болсын!



Бэла ТЮ, БҚО «Корей этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

– Құрметті қазақстандықтар! Сіздерді 25 қазан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне қайта енген бұл күннің маңыздылығы ерекше. Бұл мереке еліміздің еркіндігін, қуаттылығын және гүлденуін паш етеді. Аспанымыз ашық, жұртымыз бір үлкен отбасыдай ынтымағы жарасқан ел болсын! Бұл – көпұлтты еліміздің достығы, жеткен жетістігі, жас буынға бүгінгі Жаңа Қазақстанның патриоттығын айқындайтын тарихи мереке. Еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін!


Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңізге зор жетістіктер тілеймін.



Гульшара ХАЛБАЕВА, өзбек этносның өкілі:

– Қазақстан халқын және барлық қазақстандық достарымды Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл ерекше күн Қазақстанды айқындайтын бай мәдени мұраның, бірлігінің дәріптелуіне толы болсын! Еліміз көркейіп, халқы бейбітшілік және ынтымақтастық жағдайында өркендей берсін! Баршаңызға қуаныш пен есте қаларлық сәттерге толы керемет мереке күнін тілеймін.



Ислам КУБЛАШЕВ, БҚО «Хаймат» Орал неміс мәдени-ағарту қоғамы» қоғамдық бірлестігінің өкілі:

– Республика күні мерекесіне орай Қазақстанның тамаша халқына шын жүректен құттықтауымды жолдаймын.

Біз бейбіт әрі тыныш елде бақытты өмір сүрудеміз. Әрқашан еліміздің бай мұрасы мен дәстүрлерін құрметтейміз. Бұл күн өзара түсіністік пен ризашылық рухында біріктірілген кезде пайда болатын бірліктің дәлелі болып табылады.

Қазақстан Республикасы өркендеп, дами берсін! Қуанышты мерекелер көп болсын!

ОҢ ҚАДАМ

500 ОРЫНДЫҚ «СТУДЕНТТЕР ҮЙІ» АШЫЛДЫ



Республика күні қарсаңында Орал қаласындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 500 орындық 9 қабатты жаңа жатақхана пайдалануға берілді.

Тарихи тереңде жатқан білім ордасының жаңадан бой көтерген «Студенттер үйінің» ашылу салтанатына орай ҚР Жоғары білім және ғылым министрі Саясат Нұрбек LED экран арқылы құттықтауын жолдады.

Келесі кезекте Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев та студент жастарды заман талабына сай етіп салынған жаңа

қоныстарымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Студенттік жатақхананың символдық кілтін нысанның құрылысын жүргізген «BETA Services» ЖШС басшысы Бекболат Шканов тарих мамандығының 3 курс студенті, Студенттер үйінің тұрғыны әрі төрағасы, университет белсендісі Дархан Қуатқа салтанатты түрде табыс етті.

«Студенттер үйі» ҚР Президенті

Қ. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасының 89-тармағында көрсетілген «Студенттік жатақханадағы орын тапшылығы мәселесін шешу» тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылды.

Жаңа жатақхананың лентасын Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, профессор Нұрлан Серғалиев және ҚР Президентінің атаулы шәкіртақы иегері, республикалық пәндік олимпиада-

ның жеңімпазы, педагогика факультетінің 4 курс студенті Сегізбаева Гүлсезім салтанатты түрде қиған соң, жиналғандар жатақхананы аралап көрді.

Жатақхана ғимараты жертелесі бар 9 қабатты, заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған. Әр секцияда ас, жатын, жуыну бөлмелері бар. Сонымен қатар, бірінші қабатта мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған инклюзия форматына сәйкес 16 орын жасақталған. Бұдан бөлек, Студенттер үйінде 30 орындық асхана, фитнес залы, дәріхана, медициналық пункт, кафетерий және

мұғалімдер мен кезекшілерге арналған бөлмелер пайдалануға берілді. Жатақхана аумағы толық абаттандырылып, спорт алаңы тұрғызылған.

Жоғары оқу орны республика бойынша өз қаражаты есебінен жатақхана салу тәжірибесін алғашқы боп жүзеге асырғанын айта кеткен жөн.

«Қаржы орталығы» АҚ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан университеттің жатақхана салу шығындарын 6 жыл ішінде өтейді. Бір орынға мемлекеттік тапсырыс мөлшері 195 АЕК, 500 студент қоныстанған кезде айына 28 000 000 теңге төленеді.

Жатақхананың құрылысы мен пайдалануға беру барысында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев арасында екі жақты келісімге қол қойылды. БҚУ басқарма төрағасы-ректор Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев жобаға бастан-аяқ жетекшілік етті.

Айта кетейік, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жаңа жатақхананы қоса алғанда студенттерге 1526 орын жасақталды. Алдағы уақытта жергілікті кәсіпкерлерді тарта отырып, жаңа ғимараттардың құрылысы қолға алынбақ.

Бетті дайындаған А.АХМЕТОВА, «Заң газеті»



